

ДЗЮДОШЫЛАРДЫҢ ТЕХНИКА-ТАКТИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚТАРЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Дене тәрбиелеу денсаулықтың нығаюына және организмнің гармондық дамуына мүмкіндік береді. Оның міндеттеріне – жылдамдылықты, күшті, төзімділікті, икемділікті, иілгіштікті тәрбиелеу жатады. Ерік сапалары – батылдықты, қайсарлықты, ержүректілікті тәрбиелеу кіреді [1]. Күрестегі спорттық кездесулер жауынгерлік әрекеттердің жоғары ширығуымен адамнан бұлшық еттің максималды күшеюін талап ететін, қарсыласы белсенді қарсылық көрсеткенде, қажудың үдеген кезінде, тез ауысатын жағдайларды экстремалды шарттармен қолдана білуге мінездеме береді. Кездесулер кезеңінде күресшілердің организмне экстремалды әсер ететін жүктеменің көлемі және жалғасушылығына организмнің функционалдық жағдайларын, психикалық, физикалық шектелген мобилизацияларды талап етсе, онда спортшының кең кешенді даярлығына жоғары талап қоятын ұсыныстар бар.

Балуандардың дене шынықтыру дайындығына ең көп еңбектер арналған. Сонымен қатар балуандардың дене шынығу қасиеттерінің дамуының көптеген жағдайлары белгілі бір күрестің түрімен айқындалмайды. Мамандар жылдамдық-күштілік қасиеттердің жетілуі мен арнайы төзімділіктің [2] жетілуіне зор көңіл бөледі. Бұл жағдай осы қасиеттер балуандардың жарыстағы жетістіктеріне айтарлықтай ықпал ететіндігін дәлелдейді.

Дахновский В.С., Сиротин О.А., Еганов А.В. [3] дзюдошыларды жарысқа дайындау барысында жылдамдық қасиеттерін жетілдіру үшін жаттығу көлемін көбейту керек деп санайды. Спортшылардың функционалды күйін бақылау үшін олардың жаттығу алдындағы, жаттығу кезіндегі және қалпына келу кезіндегі жәй және күрделі қозғалыс реакциясының уақытын тіреп, жазып отыру қажет. Оған қоса үнемі жасалған дене жүктемелеріне организмнің функционалдық жүйесі мен жүрек тамырларының жиілік көрсеткіштерін қадағалап отыру керек.

Авторлардың айтуынша, жарыстарда бірінші орын алған дзюдошылардың сайыс алдында және сайыстан кейінгі жүрек соғысы басқа спортшыларға қарағанда көбінесе жиірек екен. Бұл - бәлкім балуандардың жарысқа қатысу үшін белсенділігін жұмылдыратындығы. О.В.Коптевтің ойынша, жоғары дәрежелі дзюдошылардың (50%-ға дейін) жылдамдығы мен күшін жетілдіру үшін жаттықтырудың әсерінің тиімділігінің ұзақтығын еске ала отырып, құралдарды жинақтау спортшының дайындық деңгейін жағымды түрде алға бастырады.

Жылдамдық-күштілік сапасы – 5-14%-ға, техникалық шеберлік – 5,3%, тұру қалпындағы қорғаныс сенімділігі – 3,9%, сайыс нәтижесі – 19,5% өскен.

Автордың айтуынша, (бірінші 5 аптада) жылдамдық-күштілік сапасының көлемін жинақтау кезеңінен кейін жылдамдық пен күш көрсеткіштерінің бәрі төмендейді. Бұл қасиеттердің ең көп жинақталу фазасы жаңағы төмендеу аптасынан 3-4 апта өткеннен кейін немесе жылжымалы жаттықтыру әсерін іске асыру кезеңінде анықталады. Дзюдошылардың жарыс барысында жылдамдық-күштілік дайындығының айтарлықтай маңызын, олардың техникалық қозғалыстарының нәтижелілігімен ($r=0,4$), тұру қалпындағы қорғаныс сенімділігімен ($r=0,39$), сайыс нәтижесімен ($r=0,42$) өзара тығыз байланысты.

Автордың ойынша, жарыс мезоциклиндығы жылдамдық пен күштілік деңгейінің айтарлықтай көтерілуі, жаттығу алдында жылдамдық пен күшті дамыту үшін арнайы үдемелі жаттығуларды қосу барысында байқалады.

Кіші салмақтағы дзюдошылардың арнайы күштік төзімділігінің деңгейін қадағалау үшін, автордың ойынша, әрбір 20 с. Кейін лақтыруды спортпен

алмастырып тұратын, 4 минут бойы өз салмағындағы спуртшымен аркадан асыра лақтыруды орындайтын арнайы сынақ өткізілуі керек. Лақтыру санын спуртта санап, ал арнайы төзімділіктің коэффициентін төмендегі формуламен анықтайық:

(АТК = Спурттағы лақтыру саны)

90

Мұндағы АТК – арнайы төзімділік коэффициенті, 90 дегеніміз – сынақтан өтуші спортшының ең қолайлы жағдайда спуртта жасай алатын лақтыру саны.

Я.К.Ковлев дзюдошылардың көпжылдық дайындық жүйесін зерттей келе, спорттық күрестің бірнеше кәсіптік ерекшеліктеріне назар аударады. Оларға объективті өлшеу қорытындыларының жоқтығы, спорттық жетістікке әсер ететін жағдайларды айтарлықтай толтыру мүмкіндігінің жоқтығы жатады. Жоғары спорттық жетістіктерге сайысты әр түрлі әдіспен жүргізетін спортшылар жетеді. Сондықтан олардың дайындық бағыты әр түрлі болады. Спорт түрінің маусымға байланысты болмауы, жарыс кестесінің күрделілігі жыл бойы жоғары көрсеткіш көрсетуді талап етеді. Осыған байланысты көбінесе дайындық макроциклмен өтеді.

С.В.Калмыковтың [4] пікірінше, жаттығушылар мен спортшылар дзюдошылардың шапшаңдылығын жетілдіруге көңілді аз бөледі, ал, күш пен төзімділікті тәрбиелеуге айтарлықтай уақыт бөледі. Дзюдошылардың жаттығу барысындағы жағымсыз кездері болып, техникалық әдістерді орташа шапшаңдықпен, қозғалыспен жауап беру жылдамдығына айтарлықтау көңіл бөлінбейтіні зерттеудің қорытындылары жоғары деңгейлі спортшылардың өз назарларын – қарсыласының қимылын алдын -ала білу қабілетін жетілдіруге жұмсайтынын дәлелдейді. Онымен қазіргі жарыс ережесіне сай тактикалық-техникалық сенімділікті қамтамасыз ететін қорғанысқа және жауапты іс-әрекетке жұмсайтын уақыт көрсеткіштерінің жоғарылығын түсіндіруге болады.

Халықаралық спорт шебері В.Т.Ивлев шапшаңдылық-күштілік және арнайы шапшаңдылық-күштілік дайындық балуанның дене шынықтыру дайындығының негізгі бөліктері екендігін дәлелдейді. Шапшаңдылық-күштілік қасиетінің деңгейімен техникалық әдістерді нәтижесі мен жарыстағы көрсеткішінің табысына байланысты. Уақыт тығыздығына байланысты әдісті жүргізе алу үшін, тек қана техникалық-тактикалық шеберлік емес, сонымен бірге қарсыласын ашып, оған өзінің ұстау тәсілінде өткізе білу керек, ол үшін жоғары деңгейлі шеберлік, әсіресе шапшаңдылық-күштілік керек. Автордың айтуынша, арнайы шапшаңдылық-күштілік қасиетін жетілдіру үшін партердегі (жатып көрсету) техникалық әдістерді өткізу керек. Себебі, күрестегі техникалық әдістердің әр түрлісі өте жиі күрес тәсілдерімен аяқталады.

Соңғы жылдары күрестің шапшаңдық-күштік және арнайы шапшаңдық-күштік дайындық тәжірибесінде, басқа күрестің спорт түрлеріндегідей жүктемелерді беру әдісі көп қолданылады. Жергілікті аудандық және жалпы түрдегі жаттығулар – күштік дайындықты негізгі қызмет түріне лайықтайды, қолданылатын тәсілдерді әртүрлендіреді, назар аударумен күшті үнемдеумен үлкен нәтиже алдырады. Күштілік және шапшаңдық-күштілік жаттығуының нәтижесін көтеру үшін – бұлшық еттердің жұмысын әр түрлі жағдайда қолданылуын үнемді үйлестіру керек. Қиыстыру жақсы нәтиже береді: 70-80%-жеңі жұмысы, 10-15% - орын беру, 10% - басып жатуға. Бірақ бұл тәсілдер ер спортшылар үшін. С.И.Телюк пен Н.В.Мельникова жарыс кезінде дзюдошылардың дене шынықтыру дайындығының көрсеткіштеріне талдау жасай отырып, шапшаңдық-күштік қасиеттің маңызы мен мәні бар деген қорытындыға келеді. Авторлардың ойынша, бұл қасиеттер жалпы дайындық құрамында алдыңғы орынды алады. Сондықтан шапшаңдық-күштік бағыт көлемін ұлғайту керек және жарыс кезінде бұл қасиеттің өсуіне жете білу керек. Автордың ойынша бастапқы кезеңде жалпы дене шынықтыру дайындығы көлемінің 10-15%-ға дейін шапшаңдық-күштік бағыты орын алса және арнайы дайындық кезінде 30%-ға дейін партердегі техникалық-

тактикалық қозғалысты жетілдірсе, жаттығу барысының нәтижелілігімен дзюдошылардың жарыс кезіндегі дене шынықтыру деңгейі көтеріледі.

В.Ф.Никофоров [5] факторлы талдау қорытындысы негізінде мынадай тұжырымға келеді: жас дзюдошыларды жақсы дайындау үшін оларды дене шынықтыру сапасы немесе психометриямен өсіру қарқыны емес, сол қасиеттерді жарыс қабілеті үшін пайдалана білу деңгейінің маңызы өте зор.

Факторлардың маңыздылығы жас дзюдошылардың спорттық шеберлігіне кейін қандай негіз бола алатын тұрғыдан қарау керек. Арнайы дайындық барысында спорттық техниканың кейбір элементтеріне кері әсер ететін қозғалыс құрамының келісімділігін уақытша бұзылуы мүмкіндігін есте ұстау қажет. Дзюдошыларды дайындау барысында арнайы төзімділікті жетілдіруге жаттықтырушылар көп көңіл бөледі. Бұл мәселемен арнайы төзімділікті тексеруге көптеген зерттеулер арналған. Бірнеше арнайы мамандардың ойынша жарысқа дайындықтың соңғы кезеңінде жалпы және арнайы дене дайындығына қажет амалдардың үйлесімділігін табу маңызды. Б.М.Рыбалко, Н.И.Тронин, А.П.Хренов тәжірибелік зерттеу барысында жоғары деңгейлі балуандарды жарыс алдында дайындау кезеңінде арнайы дене дайындығының көлемін 70-80%-ға дейін өсіру керек, бұл зерттеу қорытындысынан көрінеді. Авторлар жалпы дене дайындығы мен арнайы дене дайындығының көлемі 45-55% шамасында болған кезде (Гарвард степ-тест көрсеткіші бойынша) 80%-ға дейін жалпы дене дайындығы өсіп, арнайы төзімділігі айтарлықтай өзгермейтіндігін дәлелдейді. Жарыс алдындағы дайындық кезеңі (21 күндік дайындық) арнайы дене дайындығы амалын - 80%-ға өсіру, арнайы төзімділікті көтеруге жеткізеді, мұны балуандарды 6 минуттық жаттығумен тексеру қорытындысы және өте шапшаңдықпен уақытты тіркеумен 15 рет лақтыру тексеруі дәлелдейді. 6 минуттық тексеруден кейін арнайы төзімділіктің жағымды салыстырулары сүт қышқылының 80,7 мг %-ға көбейді. САН ($50,1 \pm 0,2$ шартты белгі) орташа көрсеткіші балуандардың хал-жағдайының жоғары деңгейде екеніне дәлел.

В.Ф.Байко 5 фактордан тұратын балуандардың арнайы төзімділігінің күрделі құрылымын тапты: жұмысқа деген арнайы төзімділік, анаэробты энергетика (өте жоғары оттегі несиеі), қайта қалпына келу қарқыны, сапаны көрсете білу қабілетімен шаршаған кезде жол таба білу. Автор спорттық тәжірибе жағдайында балуандардың арнайы төзімділігінің әр түрлі бағалану көрсеткіштерін өзгертуге ұсыныстар береді, сонымен бірге 62-74 кг салмақтағы әр деңгейдегі балуандардың арнайы төзімділігінің моделді сипаттамаларының зерттеулерін келтіреді. Автордың ойынша, аэробты энергетика мен арнайы төзімділік арасында $r=0,72$ деңгейдегі тығыз өзара байланысы бар. Жоғары байланыс барынша көп оттегі несиеі мен арнайы төзімділік ($r=0,70$) көрсеткіштері арасында тығыз. Бірақ, еңбекте байланыс есебі туралы мәліметтің жоқтығы, бұл зерттеудің маңызын да жояды. Ю.А.Шуликтің [6] пікірінше, екі күресуші спортшының кездесуі барысында:

- екі спортшының техникалық шеберлігі;
- олардың физикалық мүмкіндіктері максималды жылдамдығы мен күшінің ұзақтығы;
- өзінің тактикалық мүмкіндіктерін қолданып, қарсыласушыны бейтараптандыру.

В.В.Шиян арнайы төзімділікті, стандартты арнайы зерттеулерді орындаудың нәтижесін сипаттайтын биохимиялық және педагогикалық көрсеткіштерді құрама түрде анықтау негізінде бағалауды ұсынады. Оның мазмұны мынада: балуан қыздыру жаттығуларынан кейін 5 минут дем алып, манекенді лақтыруды төмендегі сызба бойынша орындайды: алдымен 40 секунд ішінде белгіден кейін бірдей уақыт аралығында 4 рет манекенді лақтырады (фонды жүктеме), одан кейін спортшы белгі бойынша әрбір спортты орындау уақытын анық тіркеп, өзі үшін барынша тез арада манекенді 8 рет лақтырады. Бұл

тапсырманы балуан берілген тәртіп бойынша 5 реттен орындайды. Арнайы төзімділіктің көрсеткішін анықтау үшін спурттың тапсырманы орындау уақыты саналып, әрбір тексерістен кейін 3 минут қалпына келу кезіндегі қандағы рН-ды өлшеп, сүт қышқылының жиналуын анықтайды, алынған көрсеткіштерді формулаға келтіреді.

$$АТК = \frac{100}{\sum_i \Delta pH}$$

Мұндағы АТК – арнайы төзімділік көрсеткіші (шартты белгімен),

100 – тұрақты сан,

\sum_i – бес спурт кезіндегі манекенді 8 рет лақтыруға жұмсалған уақыт,

ΔpH – қандағы қышқыл сілті тепе-теңдік көрсеткіші. Ұсынылған формуланы автор келесі шешімдермен негіздейді:

а. АТК шамасы 5 спуртта 8 лақтыру орындауға жұмсалған уақытқа теріс пропорционалды немесе тексеруге – балуан неғұрлым аз ықпал етсе соғұрлым арнайы төзімділігі жоғары болады.

б. АТК шамасы ацидотикалық жылжу ($1/\Delta pH$) шамасына теріс пропорционалды немесе ацидотикалық жылжу тексерудің орындалуына неғұрлым аз ықпал етсе, соғұрлым балуанның арнайы төзімділігі жоғары болады.

Бірінші жағдай ешбір күмәнсіз дұрыс болып шықты, ал екінші тұжырым біздің ойымызша толық негізделмеген. Жақсы жаттыққан балуан манекенді лақтыру кезінде жақсы жинақталады, сондықтан керісінше оның тексеріс кезіндегі қозғалысы да онша жаттықпаған спортшыдан жоғары. Осыған байланысты берілген формуланы арнайы төзімділікті анықтау үшін тәжірибеде қолдануға болмайды.

А.А.Новиков, А.А.Петрушев, А.О.Акопян, С.С.Топольян авторлар тобы арнайы төзімділікті бағалау үшін манекенді лақтырудағы 6 минуттық тексерістің күрделі формуласын ұсынады:

$$АТД = \frac{ортЛ}{5} \cdot \frac{3 мс}{Бс} \cdot \sqrt{\frac{T_{барынша\ көп}}{T_{барынша\ аз}}} \cdot \frac{20}{T_{орташа}} \cdot \frac{T_{фт}}{T_{фф}}$$

Мұндағы: АТД – арнайы төзімділік деңгейі;

ортЛ – лақтырудың (ұпаймен) орташа педагогикалық бағасы;

МС – манекеннің салмағы;

БС – балуанның салмағы;

T бар.аз. – барынша аз спурт уақыты;

T бар.көп – барынша көп спурт уақыты;

T орташа – спурттың орташа ұзақтығы;

T фт – фондық лақтырудың тиісті уақыты;

T фф – фондық лақтырудың фактілі уақыты.

Берілген формула спурттың арнайы төзімділік бағасын оның беру мүмкіндігін ұсынады. Ол балуанның арнайы төзімділігінің динамикасын спортпен шұғылданған кезінде толық бақылауға мүмкіндік береді. Берілген формула бойынша төзімділікті бағалау жаттығу қозғалыстарын дұрыс таңдап немесе дайындау құрылымындағы кемшіліктерді анық табуға жағдай туғызады.

Н.И.Волков пен В.В.Шиян [7] дзюдошылардың организмнің энергетикалық мүмкіншіліктерін пысықтап зерттеген. Жарыстық мүмкіндіктерін бағалауды, жаттықтырушылардың тәжірибесінде қолданылатын әдістемелер бойынша жүргізді. Сайысты жүргізу белсенділігін (СБЖ) мына формула бойынша анықтаған:

әрекет жасау қорытындысы+тәсілдер қорытындысы

СБЖ = сайыс уақыты

Техника сенімділігі

(тәсілдер қорытындысы) . 100

(СЕН %) = әрекет жасау саны+тәсілдер саны

Соқпалы қимылдар нәтижелігі (НӨТ %) мына формуламен есептелген:

$$\text{НӨТ} = \frac{\text{Соқпа саны} \cdot 100}{\text{тәсілдер саны}}$$

Балуандардың аэробты мүмкіндіктерін бағалау үшін арнайы (тест) тексеру қолданылды. Спортшы өз салмағының 1/3-не тең манекенді 15 рет лақтыруды 3 мәрте орындаған. 3 мәртегінің уақыты да тіркелген (t). Осыдан кейін 1000 3 жаттығудың жалпы уақытына қарама-қарсы көрсеткішті

(Σ)

есептеген. Зерттеу жұмысы балуанның гликолитикалық мүмкіндіктері – жарыстық қызметі көрсеткіштеріне айтарлықтай әсер етпейтіндігін көрсетеді. Бір мезгілді жалпы жұмыс қабілеті – жарыс жағдайларында дзюдошының техникалық нәтижелігінің көрсеткішіне өте қатты әсерін тигізеді. Манекенді лақтыру бойынша арнайы тексеру-жарыстық қызмет көрсеткіштерімен де, функционалдық көрсеткіштермен де байланыспайды. Сондықтан бұл тексеруді функционалды мүмкіндіктерді бағалау үшін қолдану дәлелсіз деп табылады. Авторлар мынадай қорытындыға келді: балуандардың анаэробты гликолитикалық мүмкіндіктерін бағалар алдында велоэргометрлік тексеріс неғұрлым сенімді нәтижелер де береді. Балуанның анаэробты гликолитикалық мүмкіндіктерінің көрсеткіші велоэргометрлік тексерудің алдында орындалған механикалық жұмыстың жиынтық көлемін қолдануға болады.

Авторлардың ойынша, жаттықтырушылық тәжірибесінде қолданған жарыстық қызмет көрсеткіштері – күресшілердің анаэробты гликолитикалық мүмкіндіктерін анықтау жеткіліксіз. Дзюдошылардың организмнің функционалдық мүмкіндіктерін анықтаушы көбінесе жеткілікті және интегралды көрсеткіш болып жалпы жұмыс қабілетінің көрсеткіші табылады. Жоғарыда жасалған қорытынды дзюдошылардың дайындық мәселелеріне және олардың жаттыққандығының бағаламасына байланысты жасалынған.

Оқу-жаттығу кезеңін құру барысында спортшының дене дайындығының басты міндеті болып дене сапаларын гармондық тәрбиелеу, адам организміндегі қабілеттердің кешенді дамуы саналатынын ұмытпаған жөн. Сондықтан, спорттық сайыстарда нәтижелі дайындықтың маңызды бір шарты болып, уақыттың жеткілікті ұзақтығы аралығындағы оның үйлесімді ұйымдастырылуы табылады. Бұл жаңадан келген спортшыдан бастап спорт шеберіне дейін, спортшының техникалық, тактикалық, психологиялық және дене дайындықтарының жүйелі жетілдірілуінің көпжылдық кезеңі болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Карражанов Б.К., Қуаньшибекова Г.А., Махмудова Ш.А., Сариев К.С. *Активность симпато-адреналовой и гипо- физарно-надпочечниковой системы борцов во время соревнований.// Резервные возможности организма спортсменов. /Сб. научн.статей. – Алма-Ата КазИФК, 1986. – б. 15-22.*

2 Байдосов Қ.Р., Мұхитдинов Е.Д., Жалмагамбетов А.А. *Палуанның жан-жақты дайындығы. –Қазақша күрес: оқу құралы. Қазақ физкультура институты.-Алматы, 1987. – б. 11-19.*

3 Дахновский В.С., Сиротин О.А., Еганов А.В. *Индивидуальный подход в совершенствовании технико-тактического мастерства зюдоистов.//Спортивная борьба: Ежегодник, 1984. –б. 57-59.*

4 Калмыков С.В., Халтагарова З.Ф., Калмыков С.В., Павлов А.Е. *О физической работоспособности борцов вольного стиля. //Спортивная борьба:Ежегодник, 1986.-б. 47-50.*

5 Никифоров В.А. *Факторная структура физической подготовленности юных дзюдоистов.//Теория и методика физической культуры, 1988. №4. –б. 36-38.*

6 Шулика Ю.А., Коблев Я.К., Невзоров В.М., Схаляхо Ю.М. Дзюдо система и борьба // Ростов-на-Дону: Феникс, 2006.-800 с.

7 Волков Н.И., Шиян В.В. Анаэробные возможности и их связь с показателями соревновательной деятельности у дзюдоистов // Теория и методика физической культуры, 1983. №3. –б. 23-25.

Физическое воспитание представляет развитие гармоничного организма и укрепление здоровья. Занятия спортом способствуют приобретению – мощности, силы, гибкости.

Physical education gives to development harmony an organism and to health consolidation. To its duties treat– power, force, good quality, fitness, flexibility.

ӘОЖ 796:371

Акмуханов Е. У.
магистрант, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ЖАҢА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың соңғы екі жылдан бері республика мектептеріндегі білім беру мен тәрбие жұмысын жақсартудағы қатаң талабы бүкіл республикамыздың білім саласын жаңаша ұйымдастыру міндетін қойып отыр. «Бізге экономикалық қоғамдық жаңару қажеттілігіне сай келетін осы заманғы білім беру қажет», - деп 2006 жылғы 1 наурыздағы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетті [1]. Сондықтан ел экономикасы жақсарып, алға қойған мақсаттарымыз айқындалған тұста білім беру жүйесінде өзгерістер мен қайта жаңартулар орын алуда.

Ертеңгі күннің бүгінгі күннен асып түсуіне ықпал етіп, адамзат қоғамын жетелеуші құдіретті күш тек білімге ғана тіреледі. Заман талабы тұрғысынан жеке тұлғаны дамытудағы қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда білім беру саласы – баса назар аударарлық мәселе.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Білім берудің сапасын жаңарту мен әлемдік білім стандарттарына сәйкес ұлттық білім беру жүйесін құру қажет» – деп атап көрсетті [2]. ХХІ ғасырда Қазақстанның білім беру жүйесіндегі жаңа технологиялардың білім беру жүйесіне енгізілуі уақыт талабы болып отыр. Қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымының түпкілікті жаңаруына байланысты бірінші міндет – халықтық білім жүйесін жаңаша тұжырымдама жасап, жаңаша талап қоюды қажет етеді. Мектептердегі нақты міндеттердің бірі білім беру кезеңінде балалардың физиологиялық, психологиялық деңгейінің дамуын, олардың әрі қарай білім алу, күрделі білімді жеткілікті қабылдауын дамыту, әр салада болсын біліктерін жетілдіру негізінде, еліміздегі үздіксіз білім беру білім саласында үлкен жаңалық болып табылады.

Бүгінгі білім жүйесінде «Үлкен өзгерістер басталуда. Ол маңызы жағынан, К.Коперниктің жаңалығына (Күн - астрономиялық орталық, басқа планеталар оның айналасында шоғырланады, оны айнала қозғалады) тең болып отыр, яғни оқушы тұлғасы орталыққа айналып, барлық педагогикалық әрекеттер оның айналасына шоғырландыра жүргізіледі».

Осыған сәйкес дамыған елдердің білім беру жүйесінде төмендегідей тенденциялар байқалып отыр: